	арқылы қағаздың парағын көлемді пішіндерге қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады жапсыру Дөңгелек күн ойыны арқылы көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беруге дағдыланады құрастыру				топырақ жылу қажеттілігін түсінеді қоршаған орта Ағаш түрлері ойыны арқылы бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді жапсыру
Балалармен жеке жұмыс	Күн ертегісі арқылы ертегіні педагог көмегімен мазмұнын қайталай алады	Бұлт әңгімесі арқылы дауыс күшін өзгертіп айта алады	Жаңбыр ойыны арқылы сан есімдерді дұрыс қайталайды	Кемпірқосақ ертегісін тыңдау арқылы педагог көмегімен сұрақтарға жауап береді	Ағаш пен гүл ертегісі арқылы естіген дыбыстарды анық айтуға үйренеді
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау				
Серуен	«Теңге алу» – Санау және дәлдік ойыны Мақсаты: Балаларға дәлдік пен есептеу қабілетін дамыту. ұлттық дағдыны қалыптастыру	«Орамал тастау» – Жылдамдық пен реакция ойыны Мақсаты: Балаларға жылдамдықты, реакцияны және сандарды қолдануды үйрету. ұлттық дағдыны қалыптастыру	«Қарақұлақ» – Логикалық және кеңістік ойыны Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын және кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.	«Кім жылдам?» – Санау және логика ойыны Мақсаты: Балалардың есептеу қабілетін арттыру және жылдамдыққа баулу. Қажетті материалдар: Асықтар, арнайы белгіленген орын.	«Бәйге» – Қашықтықты бағалау және есептеу ойыны Мақсаты: Балаларды қашықтықты дұрыс есептеуге, қашықтыққа байланысты шешім қабылдауға үйрету. Қажетті материалдар: Бәйге алаңы, ойыншық аттар немесе шынайы аттар.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың үйге қайтуы	<i>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i>				
	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Әдіскер  Ильясова Ж.Қ.

Білім беру ұйымы: ЖШС «Әмір ата» балабақшасы

Топ: “Ботақан” ересек тобы

Балалардың жасы : 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : 18-21.11.2024ж

3- апта

«Әділдік және жауапкершілік айы»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 18.11.2024	Сейсенбі 19.11.2024	Сәрсенбі 20.11.2024	Бейсенбі 21.11.2024	Жұма 22.11.2024
ДӘЙЕКСӨЗ	«Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»				
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i> Аптаның дүйсенбі күні ата-аналардан балаларды қабылдап, денсаулықтарын тексеру. Ата – аналарға үйде балалармен үйдегі және көшедегі қауіпсіздіктерді сақтау туралы әңгімелесуге және жеке бас гигиенасын сақтауға үйретуге ұсыныс айту. Бір тұтас тәрбие аясында				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалармен демалыс күні қалай өткізгендері туралы әңгімелесу. Балалардың көңіл күйлерін көтеріп, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынас орнату				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. бағдаршамның белгілеріне үйретуді жалғастыру, Бір тұтас тәрбие Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру. Экологиялық тәрбие «"Кім не дейді?" - Міндеті: Жануарлардың дыбыстарын тану және олардың аттарын айтуға үйрету. Экологиялық тәрбие көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру музыка				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Таңғы жаттығу кешені№11 "Ағаш болып тұру" (Икемділік пен тепе-теңдікті дамыту) Қозғалыс түрі: Балалар екі қолдарын жоғары көтеріп, ағаш секілді созылады. Жаттығу барысы: Балалар "Ағаш" деген команда бойынша аяқтарын сәл алшақ қойып, қолдарын жоғары көтеріп, ағаш болып тұрады. Педагог оларға: «Жел соғып тұр!» деп айтқанда, балалар ағаш секілді оңға-солға тербеледі.				

	Қайталау: 5-6 рет.				
	\\				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастырады. «Бата беру», «Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.балаларға таңғы астың маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйренеді.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Еркін ойын: «Дәрумендер»	Еркін ойын: «Дәміне қарай ажырат!»	Еркін ойын: «Таны да, ата!»	Еркін ойын: «Зиянды заттар» .	Еркін ойын: «Шырын жаса»
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру «Ал, қане жарысайық» ойыны арқылы балалар ортаға жемістер мен көкөністер ажырату арқылы құрсаулардан қос аяқтап секіруге дағдыланады.	Қазақ тілі «Дені саудың жаны сау» мақалын жаттату арқылы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге үйренеді; Музыка «Аппорт деген тәтті алма» әні арқылы музыканың ырғағын нақты береді, Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындауға баулу. Қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындауды үйренеді	Дене шынықтыру «Өз үйінді тап» ойынын «Үйшік ертегісі» кейіпкерлерінің қимылдарын жасау арқылы жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді орындайды	Музыка «Аппорт деген тәтті алма» әні арқылы музыканың ырғағын нақты береді, Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындауға баулу. Қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындауды үйренеді	Дене шынықтыру «Санамақ» ойыны арқылы балалар сапқа келіп тұрады. «Санды тап» ойыны арқылы балалар аталған сандарға гимнастикалық орындықтарға бойымен қолдарымен тартылып,барып орындықтарға отыруға үйренеді
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатар бұзбауды үйрету.				
Серуен	Бақылау: Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау Міндеттері: Күз мезгілін бақылау. Күз мезгілінің ершелігін бақылап әңгімелеу. Еңбек: Гүлдердің тұқымын жинау. Құрылымдалған ойын: «Арқан тарту»	Бақылау: Аула тазалаушының еңбегіне бақылау Міндеттері: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру.Үлкендер еңбегін бағалай білуге,қоршаған ортаны таза ұстауға дағдыландыру; Еңбек: Ағаштардың, жапырақтарын жинап гербари жасау; Құрылымдалған ойын: «Қоянға сәбіз бер»	Бақылау: Күзгі табиғатқа бақылау; Міндеттері : Күз мезгілінде ауа райымен таныстыру.Күзгі табиғат әсемдігін тамашалау.Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Еңбек: Жердегі жапырақтарды жинастыру. Құрылымдалған ойын: «Қарлығаш»	Бақылау: Бұлттарды бақылау. Міндеттері: Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек: Үлкендердің көмегімен жапырақтарды жинауға көмектесу. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Құрылымдалған ойын: «Мысық пен тышқан»	Бақылау: Бұлттарға, жауын-шашынға бақылау жасау Міндеттері: Жауын-шашын өте пайдалы. Егер жауын болмаса ауа ластанып кететіндігін түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем беру. Құрылымдалған ойын: «Поезд»
Серуеннен оралу	«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау. Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Ас үстінде өздерін дұрыс ұстауға үйрету Нанды екі қолымен үзіп жеуге дағдыландыру Қасықты оң қолдарына ұстап, төкпей ішуге дағдыландыру Асты тауысып ішуін қадағалау Асты ішіп болғаннан кейін, ас қайтаруға үйрету Атаңның иықтысы бол, Анаңның сүйкімдісі бол. Халқына қадірі асқан Мәртебелі биік кісі болТамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	"Қияр мен қырыққабат " ертегісін оқу	Бесік жырын тыңдау	"Шұбар тауық" ертегісін оқу	Тыныш әуенді тыңдау	«Су жүрек қоян» ертегісін оқып беру

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! Түймелі жолақшалар үстімен жүріп май табандылықтың алдын алу.	Төсекте жатып аяқтары мен қолдарын жоғары көтеріп арқаларымен керілдіру.Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз.	Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,	Балалар төсекте, бір қалыпта, арқасымен жату, аяқтары бірге, қолдары аяғының бойымен тіке тұрады. Жауырынды тік ұстап созылу. Қоңырау, қоңырау сылдырла, Ұл мен қызды оятып. Оянсаңдар егер де, Бір - біріңе күліңдер.	Балапандарым көне ұйқыдан тұрайық. Тәрбиеші: Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады.
Бесін ас	Үнемді тұтыну Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Дәрумендер» өлеңін балалар мнемокесте арқылы шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға үйренеді;. Көркем әдебиет «Дәрумендер досымыз» ойыны арқылы қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктері қаыптасады. қоршаған орта «Дәрумендерді құрастыр» ойыны арқылы балалар өз бетінше	«Дәрумендер» өлеңін айтуда балалар артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді үйренеді; Көркем әдебиет «Дәрумендер досымыз» ойыны арқылы қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытады; қоршаған орта «Дәрумендерді құрастыр» ойыны арқылы балалар өз бетінше құрастырады; Ұқыптылыққа дағдыланады; Құрастыру	Балалар жұмбақтар шешіп, оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға дағдыланады. Көркем әдебиет «Сөздік ойын» ойыны арқылы өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады; қоршаған орта «Бұл қай кезде болады?» ойыны арқылы балалар шығармашылық қиялды дамытып, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға үйренеді;.	«Біздің үй» тақырыбында балалар әңгімелесіп, бір-бірімен еркін диалог құруға үйренеді; Көркем әдебиет «Сәлем, досым!» ойыны арқылы баланың «Мен» бейнесін қалыптасады; Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдап, ойын ашық білдіреді, жеке басын құрметтеп үйренеді. қоршаған орта «Менің үйім» ойыны арқылы балалар ұжымдық құрастыруға қызығушылықтары оянады; құрылыс жобасын бірлесіп ойластырады; құрдастар арасында міндеттерді бөлісіп, түрлі	Санамақтарды жаттап , мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға дағдыланады; Көркем әдебиет «Балалар алаңы» ойыны арқылы дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; қоршаған орта «Балалар алаңы» ойыны арқылы балалар дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға қызығады; Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қойып, құрастыру

	құрастырады, Ұқыптылыққа үйренеді. Құрастыру «Дәрумендерді жабыстыр» ойыны арқылы балалар текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алады, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, қиюда қолдануға үйренеді. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтап, жұмысты ұқыптылықпен орындауға дағдыланады Жапсыру	«Дәрумендерді жабыстыр» ойыны арқылы жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамытады. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді үйренеді; Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтап, жұмысты ұқыптылықпен орындауға дағдыланады; Жапсыру	Ұқыптылыққа дағдыланады; Құрастыру «Бұл қай кезде болады?» ойыны арқылы дайын пішіндерден қағаз бетіне орналастыру дағдылары қалыптасады; Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді; Жапсыру	құрылымдық тәсілдерді қолданып, командамен бірге нәтижеге қол жеткізуге, дайын құрылысты талдауға үйренеді; Құрастыру «Менің үйім» ойыны арқылы балалар ұжымдық сюжетті композицияны құрастырады; Жапсыру	барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйренеді; Құрастыру «Менің тобым» ойыны арқылы балалар заттық әлеммен танысады және онымен әрекет жасауға дағдыланады. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді үйренеді; Жапсыру
Балалармен жеке жұмыс	«Дәрумендер әлеміне саяхат» ойыны арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету	Дәрумендер туралы әңгімелесу арқылы ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға үйрету;	Күн тәртібі туралы әңгімелесу арқылы ызың дыбыстарды анық айтуға үйрету;	Сөздік қорын зат есімдермен толықтыру	Дауысты дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету;
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау				
Серуен	Қ/О: «Мені ата». Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту. «Қояндар мен түлкі».	Қимылды ойын «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру	Қимыл-қозғалыс ойыны: Қимылды ойын «Бәйге». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.	Қимыл-қозғалыс ойыны: Қ/О «Ұшты-ұшты». Мақсаты: — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;	Қимыл-қозғалыс ойыны Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.

	Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту Жаттығу ойындары: Бір-біріне доп лақтыру Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту (Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы)	Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Мақал: Күз байлығы-ел ырысы. (Экологиялық мәдениет дағдысы, Кішіге көмек беру дағдысын қалыптастыру)	Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.	Экологиялық мәдениетті қалыптастыру	Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: - Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.				
	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.

Әдіскер  Ильясова Ж.Қ.

Білім беру ұйымы: ЖШС «Әмір ата» балабақшасы

Топ: “Ботақан” ересек тобы

Балалардың жасы : 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : 25-29 .11.2024ж

4 - апта

«Әділдік және жауапкершілік айы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.11.2024	Сейсенбі 26.11.2024	Сәрсенбі 27.11.2024	Бейсенбі 28.11.2024	Жұма 29.11.2024
Дәйексөз	«Бала қауіпсіздікті сезініп өссе, ол сенуді үйренеді»				
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i> Аптаның дүйсенбі күні ата-аналардан балаларды қабылдап, денсаулықтарын тексеру. балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру . Бір тұтас тәрбие аясында				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн сууына байланысты жылы киіндіруге кеңес беру баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жедел қызмет телефондарын жаттауға үйрету, қауіпсіздік әрекеті Көңілді музыкаға ырғақты би қимылдарын жасап, көңіл көтеру. Өздері ұнататын әндерді айтқызу. Музыка Түс бойынша сәйкестендір» дидактикалық ойыны Міндеті: балалардың түс бойынша заттарды таңдау қабілетін дамыту.				
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Таңғы жаттығу кешені №17 «Тартыламыз» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет \\				

	2. «Иілеміз» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет .				
Таңғы ас	<i>Үнемді тұтыну - «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»</i> Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастырады. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді. Тамақты аузымен жабық шайнау, қажет болған жағдайда майлықты қолдану дағдыларын бекітеді Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.балаларға таңғы астың маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйренеді.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру Қауіпсіздік жоспары бойынша «Отпен Қауіпсіздік» - Мақсаты: Оттың қауіптілігін түсіндіру. - Іс-әрекет: Балалармен бірге отқа қатысты қауіпсіздік ережелерін (оттың жанында ойнамау, шырақпен ойнамау) айтып, ойын арқылы көрсету.	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі Міндеті: Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге - аяқ алшақ) үйрету. «Пойыз» ойыны. Балаларға үлкен себеттегі доптарды көрсету. Доптарды балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. 2.Жалпы даму жаттығулары: 1. Басқа арналған жаттығулар 1. Алға 2. Бастапқы қалыпқа келу 3. Артқа ию 4. бастапқы қалыпқа келу (2 - рет) 2. Иыққа арналған жаттығулар 1. Оң иықты көтеру. 2. Бастапқы қалып	Қазақ тілі «Сөздерді ретте» – Сөйлем құрастыру Мақсаты: Балалардың сөйлем құрастыру қабілетін дамыту. Ойын барысы: Педагог сөздерді ретсіз тәртіппен айтады, ал балалар оларды дұрыс тәртіпке келтіріп, сөйлем құрастырады. Мысалы: «Алма, мен, жедім» – дұрыс тәртібі: «Мен алма жедім».Бұл ойын балалардың сөйлем құрастыру қабілетін, тіл байлығын жетілдіреді. Музыка «Қол шапалақпен жаттығу» – Қол моторикасы мен музыкалық ырғақты дамыту Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын, жылдамдығын және музыкалық ырғақты	Дене тәрбиесі «Секір, жүгіру, тоқта!» – Шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігін дамыту Мақсаты: Балалардың шапшаңдығын, қимылдарын тоқтату және қайта бастау қабілетін дамыту. Қажетті материалдар: Әр түрлі түсті сигналдар немесе дыбыстық белгі (ысқырық). Ойын барысы: Педагогтың ысқырығына немесе сигналға сәйкес балалар жүгіріп, секіреді. Сигнал тоқтаған кезде, олар тез тоқтап, қозғалыссыз қалады. Қозғалысты жалғастыру немесе дұрыс тоқтамау ойында шығуды білдіреді. Бұл жаттығу балалардың шапшаңдық пен назарын жақсартады, қозғалыс	Музыка «Музыкалық марафон» – Шыдамдылық пен ырғақ сезімін дамыту Мақсаты: Балалардың дене төзімділігін және музыкалық ырғаққа сай ұзақ уақыт қимыл жасау қабілетін дамыту Қажетті материалдар: Ұзақ уақытқа арналған музыка. Ойын барысы: Балалар музыканың ырғағына сай ұзақ уақыт бойы қимылдайды (мысалы, жүгіру, секіру, билеу).Музыка өзгерген сайын қимыл түрлері де өзгеріп отырады.	Дене тәрбиесі «Кім жылдам?» – Жылдамдық пен шыдамдылықты дамыту Мақсаты: Балалардың жылдамдық қабілеттерін, төзімділігін және шапшаңдықты дамыту. Қажетті материалдар: Конустар немесе белсенділік белгілері. Ойын барысы: Балалар белсенділік нүктелері арқылы жүгіріп, ең жылдам болуға тырысады. Оларға айналмалы немесе зигзаг тәрізді жолдар ұсынылады. Бұл ойын балалардың жылдамдығы мен төзімділігін арттырады, қозғалысты дұрыс жоспарлауды үйретеді.
---	--	---	---	---	--

	3. Сол иықты көтеру 4. бастапқы қалыпқа келу (2 рет)	сезіну қабілетін жетілдіру. Қажетті материалдар: Музыка. Ойын барысы: Балалар музыкаға сәйкес қол шапалақтайды. Әр түрлі ырғақпен шапалақтау арқылы қолдың ұсақ	үйлесімділігін дамытады.		(
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатар бұзбауды үйрету.				
Серуен	Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық)	Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.	Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың	Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.

	оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылдық ойын: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Төбешіктен-төбешікке секір. 2.Күн мен түн	Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Ойын: «Біз кішкене отбасы» Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын: « Шымшық доп» 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру.	пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу	құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу... Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық» Ойын барысы: •Қуаласпақ. •Тығылыспақ.	Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер». Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату. Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету.Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Доппен ұрып алу». Еркін ойын: •«Қуыршақты киіндіреміз». •«Отбасы»
--	--	---	---	--	--

Серуеннен оралу	«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау. Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Бір жарым дос Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Түлкі мен қасқыр ертегісін оқып беру.	Түлкі мен қасқыр ертегісін оқып беру.	Үш жалқау ертегісін оқып беру. Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	Сауысқан мен көкек ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру Мәдени –гигиеналық шараларды дамыту	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету	Керуеттегі жаттығулар (2-3 минут) Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару,	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, Көз жаттығуларын жасау физикалық дағдыларды қалыптастыру	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу »
Бесін ас	Үнемді тұтыну Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Қорықшының әлемі» – Сурет салу және жапсыру Мақсаты: Балаларды қоршаған ортаны қорғау туралы ақпараттандыру және табиғатты қорғау	«Табиғатпен бірге» – Сурет салу және жапсыру Мақсаты: Балаларды табиғатпен байланыс орнатуға үйрету және табиғи элементтерді суретке қосу. Ойын барысы:	«Жануарлар патшалығы» – Сурет салу Мақсаты: Балалардың жануарлар туралы білімін кеңейту және олардың табиғаттағы рөлін түсіну. Ойын барысы:	«Жер беті мен аспан әлемі» – Сурет салу және жапсыру Мақсаты: Балаларды жер беті мен аспан әлемінің байланысын сурет арқылы түсіндіру. Ойын барысы:	«Ағаштың өмірі» – Сурет салу Мақсаты: Ағаштың өмірлік циклін (ағаштың өсуі, көктеуі, жеміс беруі) түсіндіру және оны суретке түсіру. Ойын барысы:

	идеяларын сурет арқылы көрсету. Ойын барысы: Балаларға қоршаған ортаның ластануы, ормандарды қорғау, жануарлар мен өсімдіктерді сақтау туралы әңгімелеңіз. Балалар өздерінің қоршаған ортаны қорғау идеяларын суретке салады немесе жапсыру арқылы көрсетеді (мысалы, ағаш отырғызу, қоқыс жинау). Әр бала өз жұмысын таныстырып, табиғатты қалай қорғау керектігін талқылайды.	Балалар табиғи материалдарды жинап, соларды суретке қосып, табиғаттың әртүрлі элементтерін жапсырады. Дайын суреттерін көрсетіп, табиғатпен қалай байланысқанын түсіндіреді. Әр бала табиғаттың сұлулығын бейнелеуде қолданған әдісін айтып береді.	Балаларға әртүрлі жануарлардың суреттерін көрсетіп, олар туралы әңгімелеу. Балалар өз таңдаған жануарларын суретке салады. Әр бала өз жануарын таныстырып, оның табиғаттағы рөлі мен мінез-құлқын айтып береді.	Балалар жер мен аспанның әртүрлі элементтерін (жердегі тау, өзен, жануарлар, аспандағы күн, бұлттар, ай, жұлдыздар) суретке салады. Жапсыру әдісі арқылы жер мен аспанның үйлесімін көрсетеді. Әр бала суретінде жер мен аспанның арасындағы байланыс туралы әңгімелейді. .	Балаларға ағаштың қалай өсіп, дамитыны туралы түсінік беріледі (тұқымнан бастап толық ағашқа дейін). Балалар ағаштың әр кезеңін суретке салып көрсетеді. Әр бала өз суретін таныстырып, ағаштың өмірлік циклі туралы әңгімелейді.
Балалармен жеке жұмыс	Буындарды дұрыс айту Ұсақ қол моторикасын дамыту: сюжеттік суреттер арқылы бейнелі суретті қолдалану.	Балаларды сурет салу кезінде қарындашты дұрыс ұстай алмауына байланысты, түстен кейінгі уақытта боямақтар боятып, қарындаш ұстауға дағдыландыру.	Жеке баламен жұмыс: өлең сөздерін жаттатып нық айтқызып үйрету. Расулхан, Айсұлтан	Жеке баламен жұмыс: Құрастыруда өз бетінше бейнені құрастыруды үйрету. Ясина,Шынар,Харунға	Жеке баламен жұмыс: сөздерді анық, өз ойын ашық білдіре алуға үйрету. Нұрмұхаммедке, Ясина
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау				
Серуен	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім келді»	Ұлттық ойын- ұлт қазынасы: «арқан тарту»	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Колонналарда допты тигізу»	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мені қуып жетіндер» Экологиялық мәдениетті қалыптастыру	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен жаңбыр»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың үйге қайтуы	<i>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i>				
	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту.

Әдіскер  Ильясова Ж.Қ.

Білім беру ұйымы: ЖШС «Әмір ата» балабақшасы

Топ: “Ботақан” ересек тобы

Балалардың жасы : 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 02-06.12.2024ж

1-апта

«Бірлік пен ынтымақ айы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.12.2024	Сейсенбі 03.12.2024	Сәрсенбі 04.12.2024	Бейсенбі 05.12.2024	Жұма 06.12.2024
Дәйексөз	«Менің Республикам- мерейлі мекенім!»				
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i>				
	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Бір тұтас тәрбие аясында	Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту Бір тұтас тәрбие аясында	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін,сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту Бір тұтас тәрбие аясында	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Бір тұтас тәрбие аясында	Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту Бір тұтас тәрбие аясында
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу.	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында ертегі кітаптар қарау. Міндеті: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.	Саусақ жаттығуы: Саусағымда сақина, Санап көрші кәнекей, 1,2,3,4 Бір,екі,үш,төрт Демалайық күш жинап. Міндеті: Дауысты,дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, реттік сан есімдерді атау. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету.	Жаңылтпаш жаттау: Доп,доп,доп екен, Доп қуғандар көп екен. Допты тепті Төлеген, Төлеген тым тебеген. Міндеті: ақырын,жылдам сөйлеуді меңгерту үшін жаңылтпаш айтқызу.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдану,дөңгелектің	«Кім жылдам?» Міндеті: Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыш тан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу.геометриялық	«Ханталапай» Міндеті: Баланың сөздік қорын айналасын дағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар атауларымен кеңейту.Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Ұлттық құндылық

			суретін салу. Әуенді таза және сөздерді анық айту.	пішіндерді көру арқылы зерттеу.	
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты аяқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. (дене шынықтыру) «Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Қорытынды: Адымдап шеңбер бойы жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» Тамақтанар алдында қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің сөрем» Міндеті: Тұрмыстық заттардың, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру	«Қыста құстарды тамақтандырамыз» Міндеті: құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.	"Қыстайтын құстар" Міндеті: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу	«Мамандықтар иесі» Міндеті: Артикуляциялы қ және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту	«Көліктер» Міндеті: сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға үйрету

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі Міндеті: гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; : заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен	Қазақ тілі «Қыста құстарды тамақтандырамыз» Міндеті: құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Музыка «Құстар әуені» Міндеті: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айту-ды қалыптастыру	Дене тәрбиесі Міндеті: бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып секіру Лақтыру, домалату, қағып алу: заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға лақтыру	Музыка «Боран қалай ән айтты» Міндеті: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айту-ды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту	Дене тәрбиесі Міндеті: етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу Секіру: бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Бақылау Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райының өзгеруін бақылату, түрлі аймақтарда ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Еңбек: Балаларды ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Мақсаты: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу	Бақылау Бұлтты бақылау. Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейтуді жалғастыру. Аспанды бұлт қаптады, күн салқын дады. Суық жаңбыр жиі жауады. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу,	Бақылау Кемпірқосақты бақылау. Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. Жаңбырдан кейін аспанда кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек: Балаларды ойын алаңын таза ұстауға, жапырақтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	Бақылау Желді бақылау. Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. Салқын жел соқты, жапырақтар жерге түсті, күннің суықтығынан жердегі су мұзға айналды. Еңбек: Балаларды ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Мақсаты: Балалардың	Бақылау Құстарды бақылау. Мақсаты: Қыста құстарды қоректендірудің қажеттілігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Еңбек: Балаларды ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Мақсаты: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу

	берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.(еңбекке баулу) Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты:Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету Жеке жұмыс: Аянаға бүгінгі күннің ауа райы жайлы айтқызу. Мақсаты: Сұрақтарға толық жауап беруге, сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру, сөздік қорын дамыту. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату.	өсімдіктер, оларға күтім жасау туралы түсінікті дамыту. (еңбекке баулу) Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты:Қимылды ойынға қызығушылықты дамыту, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Жеке жұмыс: Айлинге күзгі киім түрлерін айтқызу. Мақсаты: күзгі киім түрлерін айтқыза отырып, сөздік қорын дамыту. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату.	Мақсаты: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. (еңбекке баулу) Қимылды ойын:«Түрлі түсті автокөліктер» Мақсаты:Қимылды ойынға қызығушылығын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік танытуға баулу. Жеке жұмыс: Айдайға жұмбақ жасыру. Мақсаты: Баланың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату.	еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. (еңбекке баулу) Қимылды ойын:«Түрлі түсті автокөліктер» Мақсаты:Қимылды ойынға қызығушылығын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік танытуға баулу. Жеке жұмыс: Айдайға жұмбақ жасыру. Мақсаты: Баланың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату.	берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. (еңбекке баулу) Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты:Қимылды ойынға қызығушылықты дамыту, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Жеке жұмыс: Ақберенге мақал-мәтел жаттату. Мақсаты: мақал-мәтел айтқызу арқылы тілін дамыту. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату.
Серуеннен оралу	«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау. Тазалық процедурасы. Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті). Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздаланып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				

Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету	Бесік жырын тыңдау Салт-дәстүр мәдениетін дамыту	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру(Көркем әдебиет)	Тыныш әуенді тыңдау(Музыка ән тыңдау дағдысы)	«Су жүрек қоян» ертегісін оқып беру(Көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Баяу, жәй дауыспен балаларды ұйқыдан ояту Төсекте жатып ұйқыашар жаттығуларын жасату Кедір-бұдыр, денсаулық жолымен жүргізу.	Аяқтарын жоғары көтеріп, велосипед тебу қимылын жасату. Бастарын оңға солға бұру. Қырынан жатып, аяғын жоғары төмен көтеру	Төсекте жатып көзге жаттығулар жасап ұйқыларын ашу. Түймелі жолақшалар үстімен жүріп май табандылықтың алдын алу.	Төсекте жатып аяқтары мен қолдарын жоғары көтеріп арқаларымен керілдіру. Арнайы дымқыл жолдармен жүріп өту.	Демалу жаттығулары мұрындарымен терең дем алып ауыздарымен дем шығару. Кедір-бұдыр, денсаулық жолымен жүргізу.
Бесін ас	Үнемді тұтыну Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге дағдыландыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру				
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға сөйлем құрау барысында сөйлемнің түрлерін (жай және күрделі) қолдануға үйрету;	Балаларға түрлі пішіндегі таныс заттарды мүсіндеуге үйрету;	Балаларға спорттық ойындардың элементтерін орындауға үйрету;	Балаларға геометриялық пішіндер мен геометриялық денелердің аттарын	Дарынды баламен жұмыс: Балаларға логикалық ойындар ойнайды.

				ажыратып атауға үйренеді;	
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау				
Серуен .	Ауа-райын бақылауды (жалғастыру,салыстыру) Қимылды ойын: «Кім бірінші?» Мақсаты: Таныс ойын-дарды ұйымдастыруда бастамшылдық,дербестік танытуға баулу. Жылдамдыққа,шыдамдылыққа,ептілікке баулу.	Бұлттарды бақылауды (жалғастыру,салыстыру,) Қимылды ойын: «Мысық пен құстар» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Ептілікке,икемділікке баулу. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру	Кемпірқосақты бақылатуды (жалғастыру,салыстыру) Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.Жылдамдыққа,ептілікке баулу. Қауіпсіздік дағдыларын дамыту	Желді бақылауды (жалғастыру,салыстыру) Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережесін сақтауға баулу.Жылдамдыққа,күштілікке үйрету.	Құстарды бақылауды (жалғастыру,салыстыру) Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамшылдық,дербестік танытуға баулу. Жылдамдыққа,шыдамдылыққа,ептілікке баулу. Ұлттық құндылықтарды дамыту дағдысын қалыптастыру
Серуеннен оралу	«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау. Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.				
	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: «Көңілді қыс» тақырыбына қолдан жасалған бұйымдардан, суреттерден көрме ұйымдастыру.

Білім беру ұйымы: ЖШС «Әмір ата» балабақшасы

Топ: “Ботақан” ересек тобы

Балалардың жасы : 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 09-13.12.2024ж

Желтоқсан

2-апта

«Бірлік пен ынтымақ айы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.12.2024	Сейсенбі 10.12.2024	Сәрсенбі 11.12.2024	Бейсенбі 12.12.2024	Жұма 13.12.2024
Дәйексөз	«Қыста арбанды сайла, жазда шанаңды сайла»				
Балаларды қабылдау	Күй күмбірі – ұлттық құндылық, ұлттық өнерге баулу.				
	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау	Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу	танертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.	Жақсы көңіл күй тілеу, Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету.	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Медбике тексеруі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау	Баланың бойындағы өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме	Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме	Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	«Ертегіні иллюстрациялар бойынша айт» Мақсаты: балаларды таныс ертегіні қайталауға шақыру; шығармашылық көрініс үшін жағдай жасау.	«Қауымдастық лотосы» Мақсаты: сыртқы әлеммен танысу, көкжиегін кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын	«Пазлы» Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді дамыту. * тапсырманы көп қырлы көру қабілетін дамытады	«Сен құстарды білесің бе?» Мақсаты: Балалардың құстар туралы білімдерін жүйелеу. Балалардың сөздігін белсендіру, өз ойларын логикалық түрде жеткізе білу.Табиғатты	«Түрлі-түсті домино» Мақсаты: балаларға балалар доминосын ойнау ережелерін үйрету, қажетті түсті таңдаудың маңыздылығын көрсету,

және тағы басқа әрекеттер)	Ойын шарты: Балалар суреттерді ретімен орналастырады және ертегінің мазмұнын айтады.	модельдеуге мүмкіндік беру. Ойын барысында логикалық ойлау, байқау, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі.	* логиканы дамытады * міндеттерді стратегиялық шешу дағдысын қалыптастырады * табандылық пен дәлдікті дамытады * қиял мен қиялды дамытады * зейін мен есте сақтау қабілетін дамытады * өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді.	түсінуге, оны қорғауға, сүйюге қабілетті балаларды тәрбиелеу. Туған табиғатқа және барлық тіршілікке ұқыпты қарауды қалыптастыру.	түстердің дұрыс атауын үйретуді жалғастыру. Қажетті заттар: 28 дана балалар доминосы, онда суреттердің орнына квадраттар әртүрлі түстермен боялған (олардың 7 түрі болуы керек).
